**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің**
**30.09.2021 жылғы жалпы отырысының**
**стенограммасынан үзінді көшірме**
**Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті**
**Мәжілісінің Төрағасы Н. НЫҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания**
**Мажилиса Парламента Республики Казахстан**
**от 30.09.2021 года**
**Вел заседание Председатель**
**Мажилиса Парламента Республики Казахстан**
**Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Биологиялық әралуандылықты сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Аманғалиұлы Брекешев мырзаға беріледі.

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммитінің қорытындысы бойынша Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманың күшіне енуі үшін Каспий маңы мемлекеттерінің басшылары мемлекетішілік келісу рәсімдерін өткізу туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты Биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы әзірленді.

Бұған дейін 2014 жылы 30 мамырда Каспий теңізінде биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттамаға Иран Республикасы, Ресей Федерациясы және Түрікменстан қол қойған болатын.

Хаттаманың мақсаты биологиялық әртүрлілікті, экожүйелерді сақтау және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын орнықты пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты Каспий маңы мемлекеттерінің мынадай шараларын қабылдау көзделген:

қорғалатын түрлерге және олардың мекендейтін жерлеріне теріс әсер ететін қызметті реттеу;

флора мен фаунаның қорғалатын түрлерін коммерциялық мақсаттарда пайдалануға, әдейі және кездейсоқ аулауға тыйым салуды бақылау және қажет болған жағдайда енгізу;

бақылау және қажет болған жағдайда фаунаның бұзылуына әкелетін қызметке тыйым салу, әсіресе көбею, ұйықтау немесе көшіп-қону кезеңінде, сондай-ақ биологиялық стресстің басқа кезеңдерінде;

қоныс аударатын түрлерді қорғау және қалпына келтіру бойынша ынтымақтастық;

бөтен түрлерді енгізуді реттеу.

Әрбір тарап осы хаттаманың мақсаттарын қорғау мақсатында теңіз ортасында және жағалау маңындағы аумақта қорғалатын аудандарды бөле алады:

құрып кету қаупі төнген түрлердің мекендейтін жерлері;

флора мен фаунаның қауіп төнген немесе эндемикалық түрлерінің тіршілік етуі, көбеюі және қалпына келуі үшін өмірлік маңызы бар мекендеу орындары;

ғылыми, эстетикалық, мәдени немесе білім беру маңыздылығына байланысты ерекше маңызды объектілерді қорғау.

Аудандарды қорғау және оларды басқару мақсатында тараптар қажетті табиғат қорғау шараларын, оның ішінде:

экожүйенің тұтастығына тікелей немесе жанама зиян келтіруі мүмкін қалдықтар мен өзге де заттарды көмуге немесе орналастыруға тыйым салуды енгізу;

құрылыс немесе іздестіру жұмыстарына байланысты кез келген қызметті реттеу;

балық, аң және жануарларды аулауды, өсімдіктер жинауды немесе оларды жоюды реттеу.

Хаттамаға қосылу Қазақстанның биологиялық әртүрлілікті сақтауға, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге қатысу қажеттілігімен, сондай-ақ Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі жедел және тиімді шараларды іске асыру жөніндегі мемлекеттердің көпжақты ынтымақтастығына жәрдемдесуімен айқындалады.

Осыған байланысты, құрметті депутаттар, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның ережелерін орындау мақсатында осы хаттаманы ратификациялауға қолдау көрсетуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Хаттаманың 16-бабына сәйкес уағдаласушылық тараптар биологиялық әртүрлілікті сақтау саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге міндетті болады. Бұл ретте адами және институционалдық әлеуетті дамытуға ғылыми зерттеу және мониторингтік бағдарламаларын әзірлеуге ерекше назар аударылуға тиіс. Осы орайда мына сұрақтарға жауап берсеңіз.

Бірінші. Республикамыздағы қандай ұйымдар Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын зерделеу бойынша зерттеулер жүргізіп жатыр? Мұндай зерттеулер қандай қаржыландыру көздерінің есебінен жүзеге асады?

Екінші. Каспий теңізінің флорасы мен фаунасын зерттеу бойынша басқа Каспий маңызы мемлекеттерімен бірлескен жобалар мен бағдарламалар бар ма? Егер бар болса, онда қандай?

Өтініш: мемлекеттік тілде қойылған сауалға мемлекеттік тілде жауап берсеңіз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Мемлекеттік тілде жауап бермегенім ол қазақ тілін білмегендіктен емес, өз ойымды толық жеткізу үшін. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берсем.

ТӨРАҒА. Сіз енді бізге бірінші рет келіп отырсыз. Депутат қойған сұрағында өте күрделі мәселені көтеріп отыр. Сондықтан келесі жолы келгеніңізде мемлекеттік тілде жауап берсеңіз. Сіз Парламентке келіп отырсыз. Қазақ тілінде қойылған сұраққа қазақ тілінде жауап беру керек. Шетелде оқыдыңыз, ағылшын тілін білесіз. Енді туған елде жүргендіктен, білдей министр лауазымында болғандықтан қазақ тілін білу керек. Келістік пе?

БРЕКЕШЕВ С.А. Түсінікті. Міндетті түрде.

ТӨРАҒА. Жанарбек Садықанұлы, Құдай қаласа, министр келесі жолы келгенде Сіздің сұрағыңызға қазақ тілінде жауап береді.

БРЕКЕШЕВ С.А. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! На сегодняшний день научно-исследовательскими работами на Каспийском море занимаются четыре организации – компания «Казэкопроект», Научно-производственный центр рыбного хозяйства, Центр исследования и реабилитации каспийского тюленя и Казахстанское агентство прикладной экологии, которыми ежегодно за счет республиканского бюджета проводятся комплексные исследования по оценке состояния биологических ресурсов казахстанского сектора Каспийского моря.

Кроме этого, за счет внебюджетных средств компаниями-недропользователями также проводятся мониторинг и оценка экологических условий и параметров в районе ведения производственных операций.

Что касается совместных исследований прикаспийских стран, то, начиная с 2020 года, казахстанско-российскими учеными проводятся исследования каспийского тюленя. Это длительные исследования, рассчитанные на пятилетний период. По результатам данных исследований будет принят комплекс мер по защите популяции каспийского тюленя, одной из мер может стать создание особо охраняемых природных территорий. Спасибо.

ТӨРАҒА. Екінші сұрақ болды ғой. Мұндай зерттеулер қандай қаржылық есептен жүргізіледі деген екінші сұрақ болды ғой. Из каких источников финансируется?

БРЕКЕШЕВ С.А. Как я выше сказал, четыре организации, которые ежегодно проводят за счет бюджетных средств. Компании-недропользователи проводят это за свой счет, за счет своих финансовых средств.

ТӨРАҒА. То есть предусмотрено бюджетное финансирование, а в случае, если это частная компания, тогда она финансирует из своих собственных источников.

БРЕКЕШЕВ С.А. Абсолютно верно.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Ким Вера Александровнаға беріледі.

КИМ В.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич! В соответствии с положениями протокола (частью 3) договаривающиеся стороны должны выделять охраняемые районы в морской среде и на прибрежной зоне Каспийского моря для сохранения разнообразия флоры и фауны. В пределах таких охраняемых районов вводится запрет или ограничение на ведение хозяйственной деятельности и в соответствии со статьей 10 протокола.

В этой связи уточните, пожалуйста, имеются ли в настоящее время охраняемые районы в пределах казахстанской части Каспийского моря? Какие участки могут быть в перспективе включены в список именно охраняемых районов? Спасибо.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопросы.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Северная часть Каспия является зоной нерестилища рыб и одним из важнейших мест на континенте для мигрирующих птиц. Поэтому еще в 2009 году постановлением Правительства Республики Казахстан был создан государственный природный резерват «Акжайык» площадью 111,5 тысячи гектаров. На территории данного резервата встречается порядка 300 видов птиц, из которых больше 30 вошли в Красную книгу Республики Казахстан.

Кроме этого, сегодня завершается практически работа по определению координатных точек с целью корректировки границ заповедной зоны Северного Каспия. Данная работа должна завершиться до конца октября текущего года. Соответствующий проект постановления нашим министерством разрабатывается.

Как я уже говорил, отвечая на первый вопрос, проводятся совместные исследования Казахстана и России по каспийскому тюленю. Одной из мер, возможно, будет создание особо охраняемой природной территории, в которую войдут именно тюленьи острова – места их скопления в весенний период.

ТӨРАҒА. Ну ладно. Вы по любому вопросу ходите вокруг тюленей. Вопрос был: в пределах казахстанской части Каспийского моря в настоящее время охраняемые районы есть?

БРЕКЕШЕВ С.А. Да, охраняемые районы есть. Это государственный природный резерват «Акжайык», который находится в северной части казахстанского сектора Каспийского моря.

ТӨРАҒА. Один только?

БРЕКЕШЕВ С.А. Да. И по результатам работы, если будет создана отдельная особо охраняемая природная территория, в первую очередь туда войдут тюленьи острова, о которых я говорил.

ТӨРАҒА. Это в перспективе может быть?

БРЕКЕШЕВ С.А. Да.

ТӨРАҒА. Очень важный вопрос подняла Вера Александровна. По-моему, депутат Саиров поднимал в депутатском запросе на прошлом пленарном заседании очень важный вопрос по рыбе. Есть утвержденные Всемирной организацией здравоохранения нормы, которые приводил депутат Саиров. Мы значительно отстаем, имея свои водоемы, имея Каспийское море. Если взять наших соседей, посмотрите, то в том же каспийском регионе количество охраняемых районов значительно больше. Это дает им возможность сохранить разнообразие и флоры, и фауны. Понимаете? А мы приоритетность отдали нефти, газодобыче, а все, что касается экологии, ушло на второй план.

Сериккали Амангалиевич, надо поправлять эту сторону.

БРЕКЕШЕВ С.А. Будем работать, Нурлан Зайруллаевич.

ТӨРАҒА. Конечно. Давайте посмелее и активнее. Я как-то говорил в этой аудитории, что предназначение вашего министерства – это не только субботники организовывать. Понятно, да?

БРЕКЕШЕВ С.А. Понятно.

ТӨРАҒА. Видя, как жестко вы будете ставить вопрос и умеете разговаривать с недропользователями и теми, кто загрязняет атмосферу в промышленных центрах нашей страны, вот тогда и население, и народ поймут, что есть у нас Министерство экологии, геологии и природных ресурсов и оно действительно стоит на страже наших интересов. Понятно, да?

БРЕКЕШЕВ С.А. Принято.

ТӨРАҒА. Министерству надо обратить внимание на вопрос, касающийся охраняемых территорий в морской среде, особенно прибрежных районов Каспийского моря. Смотрите, сколько было случаев выбросов на берег, если уж о тюленях Вы говорите. Пошумим-пошумим, но никто не лезет туда, никто не идет в глубину. Почему? В чем причина? Неге біздің жақта осындай жағдай болады? Именно на нашей прибрежной территории. Видите, сколько вопросов. Привлекайте ученых, пожалуйста, разбирайтесь, выясните причину. Если есть какая-то причина, связанная с работой недропользователей, надо с ними садиться за стол переговоров, посмотреть, что в их контрактах в отношении экологических обязательств, о чем мы говорили при обсуждении предыдущего законопроекта. Видите, сколько здесь звеньев одной цепи? И шаг за шагом, step by step надо идти и эти узелки расшивать. Договорились?

Это очень сложная, кропотливая работа, но Вас назначили в руководство этого министерства с большими надеждами, что Вы должны эту работу организовать. Договорились?

БРЕКЕШЕВ С.А. Принято.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлына беріледі.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Хаттаманың 9-бабының 1-тармағына сәйкес «қорғалатын аудандар» мәртебесі флора мен фаунаның қауіп төніп тұрған немесе эндемикалық түрлерінің тіршілік етуі, көбеюі және қалпына келуі үшін өмірлік маңызы бар мекендейтін жерлерді қорғау мақсатында беріледі.

Каспий итбалығы Каспий теңізінің бірігей және жалғыз теңіз сүтқоректісі болып табылады. Жануарлардың бұл түрі теңіз экожүйесі жағдайының көрсеткіші.

Айтыңызшы, Каспий итбалығын сақтау үшін қандай шаралар қабылданып жатыр?

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Что касается сохранения популяции каспийского тюленя, то в 2020 году каспийский тюлень был включен в Красную книгу Республики Казахстан. Параллельно с этим, как я говорил выше, мы начали совместные казахстанско-российские научные исследования каспийского тюленя. Данная работа будет долгосрочной – в течение пяти лет.

На данный момент проектом уже проведен авиаучет. Популяция тюленей на сегодняшний день составляет порядка 150-170 тысяч особей. Проведены оценка смертности тюленя и анализ причин гибели каспийского тюленя.

Работа в этом плане продолжается. Этот проект полностью финансируется компанией «NCOC», которая ведет разработку Кашаганского месторождения.

В дополнение одной из мер в текущем году был принят запрет на сетной лов на открытой части Каспийского моря. Считаем, что эта мера тоже даст свой результат по увеличению численности популяции каспийского тюленя.

ТӨРАҒА. Сейчас депутат Накпаев в своем вопросе привел очень точное определение. Тюлень является показателем экологического состояния любого морского водоема. И если происходят их выбросы, то это уже очень серьезный сигнал. Значит, что-то с нашей экосистемой не в порядке.

Вы сейчас сказали, что провели анализ причин. Вы можете назвать причины таких случаев?

БРЕКЕШЕВ С.А. Нурлан Зайруллаевич, я сейчас не могу точно ответить на этот вопрос. Исследование еще продолжается. В будущем можем полностью ответить.

ТӨРАҒА. Должны знать, господин Министр экологии, геологии и природных ресурсов. Обязаны знать! Эта проблема не сегодня и не вчера возникла. Столько времени все говорим об этом, в средствах массовой информации постоянно поднимаются эти вопросы. Пожалуйста, вникните в эту проблему.

БРЕКЕШЕВ С.А. Хорошо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызына беріледі.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич! Каспийское море отличается не только разнообразием животного и растительного мира, но и имеет значительные запасы нефти и газа.

В связи с интенсивной разработкой и освоением шельфовых нефтегазовых месторождений хотела бы уточнить следующий момент.

Какие проекты в области охраны и сохранения биологических ресурсов реализуются нефтегазодобывающими компаниями на Каспийском море?

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Как я уже говорил выше, за счет средств компании «NCOC» проводятся совместные пятилетние исследования по каспийскому тюленю. Кроме этого, данной же компанией разрабатывается и Карта экологической чувствительности. Стоимость проекта – порядка 120 миллионов тенге.

Кроме этого, компанией «NCOC» также ведутся мониторинг и оценка экологических условий и параметров в зоне проведения своих производственно-технологических операций. Данная программа оценивается почти в 250 миллионов тенге.

Кроме этого, компания «Тенгизшевройл» также содействует укреплению материально-технической базы Урало-Атырауского осетрового рыбоводного завода. Также финансируется компанией «ТШО» проект по сохранению популяции каспийского тюленя.

Сам проект подразумевает сбор мусора, брошенных сетей в акватории казахстанского сектора Каспийского моря. Этим проектом занимается Институт гидрогеологии и экологии. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

В продолжение вопроса депутата Тельпекбаевой. Вы сейчас назвали нам компании, суммы, которые они перечисляют на эти научные разработки проектов. Скажите, пожалуйста, они согласовывают с Вами, Вашим министерством темы, куда они направляют свои средства?

БРЕКЕШЕВ С.А. Что касается коммерческой стороны вопроса, то согласование с министерством не проходит. В части экологических вопросов – да, проходит.

ТӨРАҒА. Что значит «коммерческой»? Я сейчас не о коммерческой стороне. Пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. В части экологических вопросов согласовывается.

ТӨРАҒА. О чем речь идет, уважаемый Сериккали Амангалиевич? Все компании (нефтегазодобывающие и так далее), работающие на Каспийском море, для отчета выглядят достойно. Выделяются средства, Вы сейчас нам перечисляете, какие суммы, 120 миллионов, еще что-то. Но эффективность от этих исследований должна быть с практическим приложением, что называется, экологическая среда Каспийского моря должна из года в год

улучшаться. По крайней мере эти научные изыскания для чего? Они же должны иметь практическое применение.

Я приведу пример. Министерство образования и науки поставило вопрос. Уважаемые коллеги, помните, мы рассматривали в первом чтении этот законопроект. Если я сейчас помню, то, по-моему, 1 процент коммерческой деятельности промышленных предприятий должен направляться на научные изыскания. Этот 1 процент практически для отчета везде тоже был хорошим. Каждая компания говорила: мы 1 процент отчислили. Куда, на какую тему – определялось компанией, согласовывали с министерством в лице какого-то очередного вице-министра, который «на коленке» подписал и отправил согласование. Но министерство поставило вопрос, Правительство вышло в Парламент, мы поддержали – теперь этот перечень определяется профильным министерством. К примеру, в горнодобывающей области нам сегодня срочно необходимы изыскания по движению метана в горных пластах, пожалуйста, работающая здесь компания должна вложить 1 процент от своего объема прибыли и выдать нам, что называется, на-гора результат, что сделано. Это будет применяться на практике.

Понимаете, о чем речь, да? Вы сейчас нам назвали, я пометил, сумму, превышающую 1 миллиард уже. Вы говорите, пятилетняя программа по тюленям?

БРЕКЕШЕВ С.А. По тюленям – пятилетняя.

ТӨРАҒА. Қашан басталды?

БРЕКЕШЕВ С.А. Началась с 2020 года.

ТӨРАҒА. Теперь мы должны увидеть результат и, соответственно, понять причину. Кто занимался наукой из присутствующих в зале, знает, ведь научные изыскания не ради научных изысканий, они должны иметь практическое применение. Сегодня даже в гуманитарных науках об этом говорят.

Поэтому любое изыскание должно приводить к какому-то результату. Что здесь министерство сделало? Какие ваши предложения? Вы должны быть главным закоперщиком, извините. Вы должны говорить: вы сегодня работаете в этой части Каспийского шельфа, здесь у нас проблема с рыбой, наверное, здесь вам надо такие изыскания делать, ваше производство может влиять вот так, здесь у нас с тюленями проблема, в прибрежных территориях такие-то проблемы. Понимаете, о чем речь?

Сериккали Амангалиевич, Вы готовы к такой работе, и, самое главное, к такому диалогу с теми компаниями и структурами, которые работают и стоят за этими компаниями, чтобы у нас с Вами была правильная, нормальная, здоровая экологическая ситуация на Каспии? Пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич, Вы абсолютно правы. Все программы, которые проводят недропользователи (сами программы, виды работ, наполнение), проходят согласование министерства по нашим вопросам в части экологии. Поэтому если есть какие-то болевые точки,

как Вы сказали, то эти моменты должны именно отразить по нашей рекомендации в своих научных исследованиях.

ТӨРАҒА. Не услышали Вы, Сериккали Амангалиевич. То, что Вы сейчас говорите, – это набор правильных слов. Проходит согласование… Я Вам рассказал, как ваше согласование проходит, и привел пример другого министерства, которое мучилось годами. Деньги идут, но у каждого промышленного предприятия какие-то свои внутрикорпоративные интересы, хотят решить свои проблемы. Они за счет того, что эти средства направили, изучили тот или иной аспект какой-то своей деятельности и отчитываются, что мы на науку сработали.

Речь о другом. Вы, повторяю, как уполномоченный государственный орган, обеспечивающий экологическую безопасность в части Каспийского моря, о чем мы сегодня говорим, должны задавать тон, задавать тему, где нам сегодня надо решить ту или иную проблему. Если законодательно это предприятие выделяет средства, так оно должно понимать, куда выделяет. А кто будет определять тематику направления?

Вопрос вашего согласования – это техническая сторона, повторяю, которую ваш очередной вице-министр «на коленке» завизировал, и все на этом, до свидания. А вот сейчас если мы будем анализировать (конечно, через определенное время), как исполняются эти нормы закона… Министерство образования и науки поставило по-другому вопросу – мы должны определять темы. Вот о чем речь, Вы понимаете? Вы к этому готовы? Я повторяю свой вопрос.

БРЕКЕШЕВ С.А. Готовы.

ТӨРАҒА. Если готовы, каким образом будете реализовывать это? Я хочу увидеть, министр понимает, в какую сторону двигаться в этом вопросе, или нет. Пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. Нурлан Зайруллаевич, готовы к работе, будем отрабатывать. Темы, которые сейчас наиболее остро стоят перед нашим министерством, будут отражены в этих исследованиях. Будем настаивать на этом и будем работать с недропользователями.

ТӨРАҒА. Как вы «настаиваете» – вся страна видит. Вы к некоторым нарушителям экологического законодательства, повторюсь, в дверь стучите, а вам ее не то что не открывают, в глазок на вас не смотрят, вы на эти предприятия попасть не можете.

Мы при рассмотрении трехлетнего бюджета говорили Вашему предшественнику. В самих городах, где у нас весь воздух загазован, где у нас выбросы, в том числе тяжелого металла, вы воздушный мониторинг не проводите. Я понимаю, если Вы сейчас, как первый руководитель этого уполномоченного государственного органа, сказали бы: уважаемые депутаты, мы пойдем тем же путем, придем сюда с изменениями в законодательство, чтобы законом определили нас определяющими тематику необходимых научных изысканий для того, чтобы мы в области охраны и сохранения биологических ресурсов, где у нас работают все эти компании, имели главный

приоритет, мы определяли. Я бы тогда понял потенциал и масштабность. Поняли, о чем речь?

БРЕКЕШЕВ С.А. Понятно.

ТӨРАҒА. Подумайте над этим. Мы готовы Вас поддержать. Подумайте, пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. Хорошо, спасибо.

ТӨРАҒА. Иначе все останется так же. Понимаете? Сериккали Амангалиевич, Вы должны понимать, это все останется Вашими пожеланиями. Видите, Вы сами говорите: мы будем рекомендовать, рекомендовать, рекомендовать. А он захочет принять Ваши рекомендации или нет? Ол заң бойынша болса, тырп етпей жасайды. Түсіндің бе?

БРЕКЕШЕВ С.А. Түсінікті.

ТӨРАҒА. Подумайте, мы готовы Вас поддержать.

Сөз депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Уағдаласушы тараптар флора мен фаунаны қорғау және сақтау мақсатында фаунаның бұзылуына әкелетін қызметті бақылайды және оған тыйым салуды енгізеді.

Қазіргі уақытта «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясы жүргізетін су түбін тереңдету жұмыстары жұртшылықтың ерекше алаңдатушылығын туғызуда.

Аталған жоба Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігін сақтауға қатысты қаншалықты қауіпсіз болып табылатыны туралы толығырақ айтып беріңізші. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Сама причина реализации данного проекта обусловлена возникновением проблемы доступа к искусственным островам компании North Caspian operating company из-за снижения уровня воды в Каспийском море. Данный проект предусматривает углубление дна Каспийского моря длиной 56 километров с выемкой со дня Каспийского моря грунта в объеме 18,5 миллиона кубических метров. Работы уже начаты в июле текущего года. Окончание проекта – конец 2023 года. Работы будут вестись в период с 1 апреля по 15 ноября в течение трех лет.

Сам проект спроектирован вдоль действующих трасс движения морских судов, при этом не затрагивая районы рыболовства, поэтому особого влияния на рыбный промысел это не окажет.

Также на основании научных исследований показывает, что размер самих этих каналов весьма незначительный и в целом не окажет особого влияния на миграцию рыб в целом по Каспийскому морю.

Кроме этого научные исследования также говорят о том, что само место проведения работ находится вне пути миграции осетровых пород рыб. В то же время на основании информации научных организаций размножение каспийского тюленя происходит в период ледостава, то есть в зимний период, когда работы по сооружению данного канала не ведутся. Если говорить о

весеннем скоплении тюленей, то они располагаются на островах, которые расположены порядка…

ТӨРАҒА. Извините, но они временно располагаются – миграция. Потом придут, а вы уже там все нарушите. Вот о чем речь.

БРЕКЕШЕВ С.А. Нурлан Зайруллаевич, я имею в виду, что само размножение проходит именно в северной части, но это проходит во время ледостава. На тот момент работы по сооружению канала не проводятся. Весной они располагаются южнее, где-то порядка 40-45 километров от нефтяных месторождений, то есть вне зоны предполагаемого сооружения канала.

Что касается тюленей, то основной нагул каспийского тюленя происходит в период май-октябрь и проходит в акватории среднего и южного Каспия, что тоже гораздо ниже нефтяных месторождений. В целом…

ТӨРАҒА. В целом я вижу, что Вы пока специалист по тюленям, а не по экологии.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Вопрос был очень ясный, четкий и понятный. И депутат Бердалин сейчас его сказал, я помню, и депутат Турганов поднимал этот вопрос тоже: являются ли безопасными в отношении сохранения биологического разнообразия морской среды, в частности, Каспийского моря эти углубительные работы, проводимые этой компанией. Прямой вопрос был, ответьте, пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. Все работы, проводимые по реализации данного проекта, не будут иметь прямого воздействия как на миграцию рыб осетровых пород, частиковых пород, так и на популяцию опять же тюленя.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. А на каком основании Ваше такое твердое убеждение? У Вас на руках есть все научные изыскания, экспертные заключения, в том числе, наверное, международных экспертов Вы привлекали? Это же достояние нашей страны. Мы его должны сохранить для будущих поколений. Так, да?

БРЕКЕШЕВ С.А. Научно-исследовательские работы проводились. Наши специалисты…

ТӨРАҒА. Кем проводились?

БРЕКЕШЕВ С.А. Компании-недропользователи нанимали независимых экспертов, которые делали…

ТӨРАҒА. Кого нанимали?

БРЕКЕШЕВ С.А. Я название компании сейчас затрудняюсь озвучить.

ТӨРАҒА. Да даже и названий не надо! Знаете, есть такое выражение: «Кто платит, тот заказывает музыку»? Предыдущий вопрос был связан с этим, когда задавала вопрос депутат Тельпекбаева. Мы комментировали Вам. Вот о чем речь, понимаете? Независимая должна быть. Вы должны говорить, что здесь нельзя, а здесь можно, потому что прошли экспертизу. Да, за их средства, но вы должны определять, вы должны привлекать. Я еще раз повторю, мы

готовы законодательно для вас это изменить, чтобы қолдарыңызда болсын весь этот инструментарий.

БРЕКЕШЕВ С.А. Понятно, Нурлан Зайруллаевич. В ближайшее время отработаем этот вопрос, я имею в виду в части законодательных изменений.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, отработайте. Вы сами разберитесь, поймите, что вам нужно для того, чтобы вы были главными в разговоре со всеми, кто там работает.

Мы сейчас говорим только о Каспии, а я говорю в целом об экологических вопросах в нашей стране. Понимаете? Вы не должны выступать адвокатом, защитником или, еще хуже, партнером таких компаний. Я не персонально эту компанию имею в виду, а в целом тех, кто работает. Когда они будут встречаться с Вами, должны понимать, что встречаются с защитником природы, экологической среды в этой стране.

Наверное, Вам надо провести встречу с неправительственными организациями, работающими в этой области, тогда Вы почувствуете их настрой, их подходы. Понимаете?

У меня сейчас сложилось впечатление, что у них более государственные подходы, чем у нашего государственного органа. Пожалуйста, еще раз Вас попрошу, Вы новый министр, вникните, погрузитесь в эти вопросы. Хорошо?

БРЕКЕШЕВ С.А. Обязательно.

ТӨРАҒА. И какая есть необходимость, может быть, законодательных изменений? Я попрошу, Александр Александрович, Вы опытный председатель комитета, пожалуйста, поработайте с министерством. Пришла новая команда, грамотные люди, но, наверное, надо каким-то опытом поделиться, чтобы вместе с ними отработать и прийти к чему-то необходимому. Давайте с Правительством проведем правительственный час, может быть, круглый стол. Надо разобраться в этих экологических проблемах и понять, что нужно сделать, какие кардинальные системные изменения нужны для того, чтобы Министерство экологии, геологии и природных ресурсов действительно было Министерством экологии, геологии и природных ресурсов. Қолдарында бәрі болу керек. Понимаете, Александр Александрович? Все должно быть у них в руках.

Ну что это такое?! Мы им рекомендации даем, мы и там говорим, мы и здесь просим. Ничего вы просить не должны! Сериккали Амангалиевич, все нужно вот так держать. Тогда будет понятно, что в экологии есть государственное регулирование. Инвесторы приходят – мы создаем условия, но в том числе должны с ними говорить, что у нас страна, которая заботится о будущем, что останется нашим поколениям в экологическом плане, что будет у нас с фауной, со всей средой. Понимаете? А не так, что пришли, намусорили, а потом пошли дальше.

Сөз депутат Ахметов Мәди Абылайұлына беріледі.

АХМЕТОВ М.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Хаттаманың 5-бабына сәйкес уағдаласушы тараптар Каспий теңізінің флорасы мен фаунасын сақтау

мақсатында биологиялық әртүрліліктің мониторингін жүргізуге және тізілімдерін жасауға міндетті. Осыған байланысты сұрағым бар.

Биоәртүрлілікке мониторинг қалай жүзеге асырылады, яғни барлық Каспий маңы мемлекеттерінің интеграцияланған мониторингтеу жүйесі бола ма немесе әрбір мемлекеттің дербес мониторингтеу жүйесі көзделе ме?

Мониторинг жүргізу және тізілім жасау бойынша көзделген іс-шаралар қандай қаражат есебінен жүзеге аспақ? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Создание общей системы мониторинга не предполагается. Каждая из сторон будет работать согласно своему действующему законодательству.

С нашей стороны такая система тоже предполагается, мониторинг проводиться будет, но сейчас мы только начинаем работать над этим. Поэтому сейчас пока не имеем возможности детально рассказать обо всех подробностях. Спасибо.

ТӨРАҒА. Қаражат жағынан сұрақ болды. Финансирование из каких источников, можете сказать?

БРЕКЕШЕВ С.А. По финансированию будем рассматривать как бюджетные средства, так и внебюджетные средства.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Серікқали Аманғалиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Сқақова Айжан Амангелдіқызына беріледі.

СҚАҚОВА А.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасымен Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы хаттаманы ратификациялауды көздейді.

Қаралып отырған хаттама экологиялық жағынан да, әлеуметтік-экономикалық жағынан да маңызды болып табылады, өйткені ол Каспийдің биологиялық ресурстарын қорғау және сақтау үшін қажетті жағдайлар туғызады.

Жұмыс тобы заң жобасының қазақ тіліндегі мәтіні бойынша редакциялық сипаттағы екі түзетуді қарады және қабылдады. Заң жобасының тақырыбы мен мәтінінде «әралуандылықты» деген сөз «әртүрлілікті» деген сөзбен, «Ашхабадта» деген сөз «Ашғабатта» деген сөзбен ауыстырылды.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар бірнеше мәселелерді көтерді:

биологиялық әртүрліліктің мониторингін жүргізу және тізілімін жасау;

ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету;

жойылып кету қаупі төнген және эндемикалық флора мен фаунаны сақтау үшін қорғалатын аудандар құру;

Каспий теңізінің түбін терендету жөніндегі жобаның экологиялық қауіпсіздігі.

Мәжілістің барлық комитеттері, өздерінің оң қорытындыларын беріп, оны ратификациялауға ұсынды.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Аталған заң жобасын мақұлдап, Сенатқа қарауға жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айжан Амангелдіқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Қаралып отырған Хаттама биологиялық әртүрлілікті сақтауға және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын орнықты пайдалануға бағытталған.

Каспий теңізінің флорасы мен фаунасы әртүрлілігімен және бірегейлігімен ерекшеленеді. Каспий теңізінде балықтың 101 түрі тіркелген, онда бекіре тұқымдас балықтардың, сондай-ақ қаракөз, сазан, көксерке секілді тұщы суда мекендейтін балықтардың әлемдік қорының басым бөлігі шоғырланған. Каспий теңізі – тұқы, тікенді балық, майшабақ, күтім, табан, ақсерке, алабұға, шортан сияқты балықтардың тіршілік ету ортасы. Сонымен қатар жалғыз теңіз сүтқоректісі, эндемик – Каспий итбалығы мекендейді.

Теңіз ортасының биологиялық әртүрлілігін сақтауда Каспий теңізінің солтүстік бөлігі маңызды рөл атқарады, ол өзен жүйелері мен батпақты жерлердің болуына байланысты жыл құстары үшін қолайлы мекен болып табылады.

Сонымен қатар Каспийдің солтүстік бөлігі көктемгі-жазғы кезенде салыстырмалы түрде таяз болғандықтан тез жылынады, соның арқасында азықтық базасы көбейіп, балықтардың, атап айтқанда, бекіре тұқымдас балықтардың уылдырық шашуы үшін қолайлы жағдай жасалады.

Осыған байланысты Каспий теңізінің солтүстік бөлігі мемлекеттік қорық аймағы болып табылады және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 268-бабына сәйкес Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекарасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Хаттамада:

Каспий теңізінің жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесіне теріс әсер ететін қызметті реттеу;

флора мен фаунаның қорғалатын түрлерін коммерциялық мақсатта әдейі аулауды, иеленуді немесе союды, тасымалдауды және пайдалануды бақылау және қажет болуына қарай оларға тыйым салуды енгізу;

Мәжіліс Төрағасы атап көрсеткендей, Каспийдің жағалау маңындағы және теңіз экожүйелерін қорғау мақсатында қорғалатын аудандарды бөлек-бөлек құру көзделеді.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстанның биологиялық әртүрлілікті сақтауға, антропогендік көздерден теңіз ортасының ластануын болғызбауға, Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге қатысуы үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қаралып отырған хаттаманы ратификациялау Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау бойынша жедел әрі тиімді шараларды іске асыру жөніндегі Каспий маңы мемлекеттерінің көпжақты ынтымақтастығына ықпал ететін болады.

Сондықтан әріптестеріме осы заң жобасын бір кісідей қолдайық дегім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тағы талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді, құрметті әріптестер, біз осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сондықтан қаулының жобасын дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 95, «жақтағандар» – 95. Қаулы қабылданды.

ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ

Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
Н.Шатыбаева